

Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы № 2529 Конституциялық заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 5 маусымдағы № 297-VIII Конституциялық заңымен

Ескерту. Конституциялық заңның күші жойылды – ҚР 05.06.2026 № 297-VIII Конституциялық заңымен (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Осы Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламентін ұйымдастыруды және оның қызметін, оның депутаттарының құқықтық жағдайын белгілейді.

Ескерту. Тақырыбы мен кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Конституциялық 1999.05.06. № 377 Заңымен.

I тарау.

Жалпы ережелер

1-бап. Республика Парламентінің мәртебесі

Парламент – Қазақстан Республикасының заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2-бап. Республика Парламентінің өкілеттік мерзімі

1. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі - алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - бес жыл. Кезекті сайланған Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және келесі сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысының басталуымен аяқталады. Бұл орайда Парламент сайланымының кезектілігі Мәжіліс сайланымының кезектілігімен айқындалады. Парламенттің өкілеттік мерзімі кезекті сайланған Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімімен айқындалады.

2. Парламенттің және Парламент Мәжілісінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Конституциялық 1999.05.06. № 377, 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

3-бап. Республика Парламенті қызметінің құқықтық негіздері

Парламенттің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы Республика Конституциясымен, осы Конституциялық заңмен және Республиканың басқа да заң актілерімен белгіленеді.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Конституциялық 1999.05.06. № 377 Заңымен.

4-бап. Республика Парламентінің құрамы мен құрылымы

1. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

2. Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенаттың сайланатын депутаттарының жартысы әрбір үш жылда қайта сайланады.

3. Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды.

4. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады.

Алпыс тоғыз депутат – біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша партиялық тізімдер бойынша саяси партиялардан, жиырма тоғызы бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша жасырын дауыс беру кезінде жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде сайланады.

5. Парламент депутаты бір мезгілде екі Палатаға бірдей мүше бола алмайды.

6. Сенат пен Мәжіліс депутаттарын сайлау тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР Конституциялық 1999.05.06. № 377, 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

II тарау.

Республика Парламентінің құзыреті және оны жүзеге асырудың ұйымдық нысандары

5-бап. Республика Парламентінің құзыреті

Парламенттің Сенат пен Мәжілістің бірлескен және бөлек отырыстарындағы құзыретін, Палаталардың ерекше құзыретін Республика Конституциясы белгілейді және Парламенттің сессияларында, Парламент Палаталарының, оның органдары мен депутаттардың қызметінде жүзеге асырылады.

6-бап. Республика Парламентінің сессиялары

1. Парламенттің сессиясы оның Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстары түрінде өткізіледі.

2. Парламенттің бірінші сессиясын Республика Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады

3. Парламенттің бірінші сессиясында, Сенат Төрағасы мен Мәжіліс Төрағасы сайланғанға дейін, Сенат пен Мәжіліс отырыстарында тиісінше Республика Президенті және Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы төрағалық етеді.

4. Парламенттің кезекті сессиялары жылына бір рет қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен бастап, маусымның соңғы жұмыс күні біткенше өткізіледі.

Жұмыс күндері деп демалыс немесе мереке (ұлттық және мемлекеттік мерекелер) күндері болып табылмайтын күндерді түсіну керек.

5. Парламенттің сессиясы Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырыстарында ашылып, жабылады. Парламенттің сессиясын, әдетте, Республика Президенті ашады, ал ол болмаған кезде Мәжілістің Төрағасы ашады.

6. Парламенттің сессиялары аралығындағы кезеңде Республика Президенті өз бастамасымен, Палаталар Төрағаларының немесе Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.10.2013 № 133-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

7-бап. Республика Парламентінің сессияларындағы кворум

Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары оларға әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы болады.

8-бап. Республика Парламенті сессияларының жариялылығы

1. Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары ашық отырыстар болып табылады. Регламенттерде көзделген реттерде жабық отырыстар өткізілуі мүмкін

2. Республиканың Президенті, Премьер-Министрі мен Үкімет мүшелері, Ұлттық Банк Төрағасы, Бас Прокуроры, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, сондай-ақ Мемлекеттік кеңесші мен Республика Президенті Әкімшілігінің Басшысы кез келген, ашық, сондай-ақ жабық отырыстарға қатысуға және сөз сөйлеуге хақылы.

3. Мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды тұлғалары, олардың сессияға қатысу қажеттігі туралы Парламенттің немесе оның Палаталарының шешімі қабылданса, Парламентке келіп өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті түсініктер беруге міндетті. Парламент пен оның Палаталарының Республика Президентіне қатысты осындай шешімдер қабылдауға хақы жоқ.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

9-бап. Республика Парламенті Палаталарының Төрағалары

1. Палаталарды мемлекеттік тілді еркін меңгерген өз депутаттарының арасынан Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы Сенат пен Мәжіліс сайлаған Төрағалар басқарады.

2. Сенат Төрағасының қызметіне кандидатураны Республика Президенті ұсынады. Сенат қабылдамаған кандидатураның орнына жаңа кандидатура енгізуді Республика Президенті жүзеге асырады.

3. Мәжіліс Төрағасының қызметіне кандидатураларды Палатаның депутаттары ұсынады.

4. Палаталардың төрағалары, егер бұл үшін Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қызметтен кері шақырылып алынуы мүмкін, сондай-ақ олар өз еркімен орнынан түсуге хақылы.

5. Парламент Палаталарының төрағалары:

- 1) Палаталардың отырыстарын шақырып, оларға төрағалық етеді;
- 2) Палаталардың қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуге жалпы басшылық жасайды;
- 3) Палаталар қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 4) Палаталардың үйлестіру органдарының қызметіне басшылық жасайды;
- 5) Палаталар шығаратын актілерге қол қояды;
- 6) Палаталарға Конституциялық Соттың үш судьясының, Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесінің, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесінің қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;

7) өздеріне Парламент Регламентімен жүктелетін басқа да міндеттерді атқарады.

6. Егер тиісті палатада дауыс беру кезінде депутаттардың дауыстары екіге тең бөлінген жағдайда Палаталардың төрағалары шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

7. Мәжіліс Төрағасы:

- 1) Парламент сессияларын ашады;

2) Палаталардың бірлескен кезекті отырыстарын шақырады, Палаталардың кезекті және кезектен тыс бірлескен отырыстарына төрағалық етеді.

8. Сенат Төрағасы мен Мәжіліс Төрағасының Палата төрағасының ұсынуымен Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен тиісті Палата сайлаған екі-екіден орынбасарлары болады. Палаталар төрағаларының орынбасарлары Палаталар төрағаларының уәкілдік беруімен олардың жекелеген функцияларын атқарады, сондай-ақ төрағалар орнында болмаған немесе өз міндеттерін жүзеге асыруы мүмкін емес жағдайда олардың міндетін атқарады. Палаталар төрағаларының орынбасарлары Палаталар төрағаларының ұсынысы бойынша, егер бұл үшін тиісті Палата депутаттары жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қызметтен кері шақырылып алынуы мүмкін.

9. Палаталардың төрағалары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

10-бап. Республика Парламентінің үйлестіруші органдары

1. Парламенттің үйлестіруші органдары Палаталар төрағаларының жанынан құрылатын Сенаттың Бюросы және Мәжілістің Бюросы болып табылады.

2. Палаталар Бюроларының құрамына Палаталар төрағаларының орынбасарлары, Палаталардың тұрақты комитеттерінің төрағалары кіреді. Мәжіліс Бюросының құрамына Мәжілісте өкілдік ететін саяси партиялар фракцияларының жетекшілері де енеді.

3. Палаталардың Бюролары:

1) Палаталардың комитеттері мен комиссияларының жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады;

2) Палаталар үшін Парламент пен оның Палаталарының отырыстарында мәселелерді қараудың кезектілігі жөнінде ұсыныстар дайындайды;

3) бірнеше комитеттердің құзыретіне жататын мәселелер бойынша комитеттердің бірлескен жұмысын ұйымдастыруға көмек көрсетеді;

4) Осы Конституциялық заңмен Парламенттің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Палаталар жұмысын ұйымдастырудың өзге де мәселелерін шешеді.

4. Палаталар Бюроларының отырыстарын Палаталардың төрағалары қажетіне қарай шақырады және олар өз мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан ретте құқылы болады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 1999.05.06. № 377, 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

11-бап. Республика Парламентінің жұмыс органдары

1. Парламенттің жұмыс органдары Сенат пен Мәжілістің тұрақты комитеттері, сондай-ақ Палаталардың бірлескен комиссиялары болып табылады.

2. Палаталардың тұрақты комитеттері заң жобалары жұмысын жүргізу, Палаталардың құзырына қатысты мәселелерді алдын-ала қарап, дайындау үшін құрылады. Тұрақты комитеттер құрылған кезде Палаталар олардың тізбесі мен сандық құрамын белгілейді, содан кейін тұрақты комитеттердің мүшелерін сайлайды. Сенат пен Мәжіліс құратын тұрақты комитеттердің саны әр Палатада жетіден аспауға тиіс.

3. Палаталардың бірлескен қызметіне қатысты мәселелерді шешу үшін Сенат пен Мәжіліс тепе-тең негізде бірлескен комиссиялар құруға хақылы, олардың сандық құрамы Палаталар арасында келісу бойынша белгіленеді. Комиссиялардың мүшелерін сайлауды әр Палата өздігінен жүзеге асырады.

4. Парламент пен оның Палаталарының Конституцияның 47-бабының 1 және 2-тармақтарында, 57-бабының 5) және 6)-тармақшаларында көзделген өкілеттіктерін жүзеге асыру мақсатында Парламент Палаталары арнаулы уақытша комиссиялар құрады.

5. Тұрақты комитеттер мен комиссиялардың отырыстары олардың мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан ретте құқылы болады.

6. Тұрақты комитеттер мен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулылар шығарады.

7. Тұрақты комитеттер мен комиссиялардың өкілеттіктері мен қызметінің тәртібі заңмен белгіленеді.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. № 200 Заңымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

11-1-бап. Республика Парламенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдар

1. Парламенттің және оның Палаталарының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстарды талдап жасау үшін Республика Парламенті мен оның Палаталарының жанынан шешімдері ұсынымдық сипатта болатын консультативтік-кеңесші органдар құрылуы мүмкін.

2. Консультативтік-кеңесші органдарды құру тәртібі Парламенттің және оның Палаталарының регламенттерімен айқындалады.

3. Парламент Палаталарының аппараттары Республика Парламенті мен оның Палаталары жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың жұмыс органдары болып табылады.

Ескерту. 11-1-баппен толықтырылды – ҚР Конституциялық 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

12-бап. Парламенттік тыңдаулар

1. Парламент Палаталары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Парламенттік тыңдаулар өткізеді.

2. Парламенттік тыңдауларды Палаталар Бюроларының шешімдері бойынша Палаталардың тұрақты комитеттері өткізеді әрі олар ашық және жабық нысанда өткізілуі мүмкін.

3. Палаталардың бірлескен немесе бөлек пленарлық отырыстары болатын күндері Парламенттік тыңдаулар өткізілмейді.

4. Парламенттік оппозиция Парламент Мәжілісінің Регламентінде көзделген тәртіппен бір сессия ішінде кемінде бір рет парламенттік тыңдау өткізуге бастама жасауға құқылы.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.06.2020 № 339-VI Конституциялық заңымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің актілері

1. Парламент Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары, соның ішінде Конституциялық заңдар, Парламенттің қаулылары түріндегі заң актілерін қабылдайды. Сенат пен Мәжіліс өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулыларды қабылдайды.

2. Парламент пен оның Палаталары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша үндеулер, декларациялар, мәлімдемелер және заң сипаты болмайтын өзге де актілер қабылдауға хақылы. Оларды қабылдау Парламент пен оның Палаталарының регламенттері белгілеген шарттар мен талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады.

3. Парламент Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырысында заңдар мен өзге актілерді қабылдаған ретте дауыс беру Палаталар бойынша бөлек өткізіледі.

4. Республиканың заңдары, Парламент пен оның Палаталарының қаулылары Республика Конституциясына қайшы келмеуге тиіс. Парламент пен оның Палаталарының қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.

5. Республиканың заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі арнаулы заңмен және Парламент пен оның Палаталарының регламенттерімен реттеледі.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.05.06. № 377, 2006.12.11. № 200 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

14-бап. Республика Парламенті мен оның Палаталарының Регламенті

1. Парламент Регламенті, оның Палаталарының регламенттері:

- 1) Сенат пен Мәжілістің бірлескен және бөлек отырыстарын өткізудің шарттары мен тәртібін;
- 2) Парламенттің және оның Палаталарының жұмыс органдарын құру тәртібін ;
- 3) Парламенттің және оның Палаталарының, олардың жұмыс органдарының қызметін ұйымдастыруды;
- 4) Парламент депутаттарының және лауазымды адамдарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруының шарттары мен тәртібін белгілейді.

Мәжіліс Регламенті, осы тармақта көзделген ол реттейтін мәселелерден басқа , саяси партиялардың фракцияларын ұйымдастырудың және жұмыс тәртібінің ерекшеліктерін айқындайды.

2. Парламенттің Регламенті, Сенат пен Мәжілістің регламенттері тиісінше Парламенттің қаулысымен, оның Палаталарының қаулыларымен бекітіледі.

3. Парламент депутаттарының оның конституциялық өкілеттігін жүзеге асыруды мақсат етіп, регламенттермен белгіленген шарттар мен рәсімдер сақталмай өткізілетін кез келген отырысы заңсыз болып табылады. Мұндай жиналыс қабылдаған актілер жарамсыз болып табылады.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Конституциялық 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

III тарау.

Республика Парламентіндегі заң шығару процесі

15-бап. Заң шығару бастамашылығы

1. Заң шығару бастамашылығы құқығы субъектінің Парламент қарауға міндетті заң жобасының және Парламенттің өзге заң актісінің мәтінін ресми енгізуі заң шығару бастамашылығы болып табылады.

2. Заң шығару бастамашылығы құқығы тек Мәжілісте ғана жүзеге асырылады және ол:

1) заңнамалық актінің жобасын Мәжіліске енгізу туралы шешімін арнайы жолдаумен ресімдейтін Республика Президентіне;

1-1) заңнамалық актінің жобасын Мәжіліске енгізу туралы шешімін тиісті ұсынудан ресімдейтін Парламент депутаттарына;

2) заң құжатының жобасын Мәжіліске енгізу туралы шешімін Үкіметтің тиісті қаулысын шығару жолымен қабылдайтын Республика Үкіметіне беріледі.

3. Республика Президенті, депутаттар және Үкімет енгізген заңнамалық актілердің жобалары осы баптың 3-1-тармағында көзделген жағдайларды

қоспағанда, Мәжіліс қаулысымен Мәжілістің тиісті тұрақты комитеттеріне қарауға жіберіледі әрі бұлар жөнінде Мәжілістің тұрақты комитеттерінің тұжырымдары болған ретте ғана оның пленарлық отырысында қаралуы мүмкін.

3-1. Парламент Палаталарының бірлескен отырысында заң жобаларын қарау тәртібі Парламент Регламентінде айқындалады.

4. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты арттыруды көздейтін заңдардың жобалары Республика Үкіметінің оң тұжырымы болғанда ғана енгізілуі мүмкін. Республика Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Парламент Мәжілісіне енгізілген заңнамалық актілердің жобалары үшін мұндай қорытындының болуы талап етілмейді.

5. Заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асыру тәртібіне байланысты өзге мәселелерді Мәжіліс Регламенті шешеді.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

16-бап. Парламенттің заңдар қабылдау жөніндегі құзыреті

1. Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, мыналарға:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқықтық субъектілігіне, азаматтық құқықтар мен бостандықтарға, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауапкершілігіне;

2) меншік режиміне және өзге де мүліктік құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге;

5) республикалық бюджетке;

6) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне;

7) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

8) кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіруге;

9) айналадағы ортаны қорғауға;

10) республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысына;

11) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы.

2. Өзге қатынастардың барлығы заңға тәуелді актілермен реттеледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген заң жобалары Парламентке енгізілген жағдайда, Республика Үкіметі осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар

уақытша нормативтік құқықтық актілерді өз жауапкершілігімен қабылдауға құқылы, олар Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Парламент заңдарды қабылдамағанға дейін қолданылады.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

17-бап. Республика Парламентінің заң актілері жобаларын қарауының кезектілігі мен мерзімін белгілеу

1. Заңдар мен Парламенттің өзге актілерінің жобаларын қараудың кезегін Парламент, оның Палаталары, сондай-ақ Конституцияда белгіленген реттерде Республика Президенті белгілейді.

2. Республика Президентінің Парламентке арнайы жолдауымен заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді.

Республика Президенті қаралуы басым деп белгілеген заң жобаларын Парламент Палаталарының қарау тәртібі Республиканың Конституциясында және Парламенттің және оның Палаталарының регламенттерінде айқындалады.

3. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобалары Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Парламенттің дереу қарауына жатады.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

18-бап. Заңдарды қабылдау

1. Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған заң Сенатқа беріледі, ол онда алпыс күннен асырмай қаралады.

Мәжіліс заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен тұтастай қабылдамауға құқылы. Бас тартылған заң жобасы қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Егер Сенат заңды тұтастай немесе оның жекелеген баптарын мақұлдаса, онда заң Мәжіліске қайтарылады. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясын ұсынуға құқылы.

Егер Сенат алпыс күннің ішінде тиісті шешім қабылдаса, заң Президенттің қол қоюына беріледі.

2. Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен келіссе, Мәжіліс заңды жаңа редакцияда қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына сол көпшілік дауыспен қарсылық білдірсе, сондай-ақ егер Сенат заңды тұтастай мақұлдаса, Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Заңның келісу комиссиясы тұжырымдаған редакциясы осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіппен Мәжілістің және Сенаттың қарауына жатады.

Мәжіліс келісу комиссиясы ұсынған редакциядағы заңды Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайтадан дауысқа салуды жүргізеді.

Егер қайтадан дауысқа салу кезінде Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді растаса, заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік даусын алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

3. Үкімет енгізген заң жобасының қабылданбауына байланысты Премьер-Министр Парламент Палаталарының бірлескен отырысында Үкіметке сенім білдіру туралы мәселе қоюға құқылы. Бұл мәселе бойынша дауысқа салу сенім білдіру туралы мәселе қойылған кезден бастап кемінде қырық сегіз сағаттан соң өткізіледі. Егер сенімсіздік білдіру туралы ұсыныс әр Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусын ала алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп есептеледі. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

"Жыл" деген уақыт кезеңі деп осы тармаққа қатысты алғанда ағымдағы жылды (1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығы) түсінген жөн.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар, конституциялық заңдардың жобалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен енгізілген заңдардың жобалары Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарында қаралады.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

19-бап. Республиканың заңдарын Республика Президентіне қол қоюға ұсыну

1. Республиканың заңдары Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

2. Парламент қабылдаған заңдар қабылданған күнінен бастап он күннің ішінде Парламент Палаталарының әрқайсысы Төрағасының қолдарымен, сондай-ақ егер заң жобасын Үкімет енгізсе, Премьер-Министрдің қолымен алдын ала бекемделіп, Республика Президентінің қол қоюына ұсынылады, ол Парламент ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, оны жариялайды не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайта талқылау және дауысқа салу үшін Парламентке қайтарады. Қазақстан Республикасы Президентінің заңдарға қол қоюы үшін берілетін бір айлық мерзім Қазақстан Республикасының Президенті заңды алған күннен бастап есептеледі және келесі айдың тиісті күнінде (күн санында) аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тура келетін болса, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде аяқталады.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімнің ішінде қайтарылмаған заң қол қойылды деп саналады.

4. Егер Парламент сессиясы заңды Президенттің қайтаруы ықтимал мерзім біткенше жабылған болса, Президент заңды Парламенттің кезекті сессиясының алғашқы күні қайтарады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.10.2013 № 133-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

20-бап. Республика Парламентінің Республика Президентінің қарсылықтарын қарауы

1. Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қайта талқылау және дауысқа салу бір ай мерзім ішінде өткізіледі, бұл мерзім қарсылықтар жіберілген күннен басталады және келесі айдың тиісті күнінде (күн санында) аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тура келетін болса, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде аяқталады. Қазақстан Республикасы Конституциясы 59-бабының 4-тармағында және 61-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, бір айлық мерзім, егер ол уақыты жағынан Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-бабының 3-тармағында белгіленген Парламент жұмысының сессия өтетін кезеңімен сәйкес келмейтін болса, үзіледі.

Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді.

2. Республика Президентінің қарсылықтарымен қайтарылған заң немесе оның баптары Мәжілістің тиісті тұрақты комитеті қорытынды әзірлегеннен кейін Палатаның шешім қабылдауы үшін Мәжілістің жалпы отырысына шығарылады.

Егер Мәжіліс дауыс беру қорытындылары негізінде Президенттің қарсылығын еңсермесе, онда Президент қарсылықтарын Парламент Палаталарының одан әрі қарауы тоқтатылады және заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.

Егер Мәжіліс Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен Президенттің қарсылығын еңсерсе, онда заң Президент қарсылықтарын қоса әрі қарай қарау үшін Сенатқа беріледі.

Сенаттың тиісті тұрақты комитеті қорытынды әзірлегеннен кейін заң немесе оның баптары Мемлекет басшысының қарсылықтарын қоса Сенаттың жалпы отырысына шығарылады. Егер Сенат дауыс беру қорытындылары негізінде Президенттің қарсылығын еңсермесе, онда заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.

Егер Сенат Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен Президенттің қарсылығын еңсерсе, онда Президенттің заң бойынша қарсылығы еңсерілді деп есептеледі. Бұл жағдайда заң немесе тиісінше оның баптары Парламент бірінші рет қабылдаған редакциясында қабылданды деп есептеледі және Президент осы заңға ол қол қоюға ұсынылған кезден бастап бір ай ішінде қол қояды.

3. Қарсылықтарды Мәжілісте қарау барысында Республика Президенті депутаттардың ұсыныстарын ескере отырып, өзі қарсылықтарда ұсынған заңның тұтастай не оның тиісті жекелеген баптарының редакциясын өзгертуге құқылы.

4. Парламент Палаталарының отырыстарында заң немесе оның жекелеген баптары қайтадан талқыланған және дауысқа салынған кезде дауысқа салу, егер Президенттің қарсылықтары заңға тұтастай туындаған болса, - заң бойынша тұтас, не Республика Президентінің қарсылықтарын туғызған баптар бойынша өткізіледі.

5. Егер Республика Президентінің қарсылығы Парламент қабылдаған конституциялық заңдарға енгізілген болса, онда Парламент қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде Палаталардың бірлескен отырысында Республика Президентінің қарсылығын туғызған конституциялық заңдар немесе конституциялық заңның баптары бойынша қайта талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Парламент әр Палата депутаттары жалпы санының төрттен үш көпшілік даусымен Президенттің қарсылығын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығы еңсерілмесе, конституциялық заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 03.10.2013 № 133-V (алғашқы

ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

IV тарау.

Парламент Палаталарының Президентке Республиканың лауазымды адамдарын қызметке тағайындауға келісім беру, қызметке сайлау, тағайындау және оларды қызметтен босату жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруы, Үкімет мүшелерін қызметке тағайындау үшін кандидатуралар бойынша Парламент Мәжілісімен консультациялар өткізу

Ескерту. IV-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. IV-тарау жаңа редакцияда - ҚР Конституциялық 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

21-бап. Парламент Палаталарының келісімімен Президент қызметке тағайындайтын, Парламент Палаталары қызметке сайлайтын, тағайындайтын және қызметтен босататын лауазымды адамдар

Парламент Палаталарының келісімімен Республика Президенті қызметке тағайындайтын, Парламент Палаталары қызметке сайлайтын, тағайындайтын және қызметтен босататын Республика лауазымды адамдарының тізбесі Республика Конституциясында айқындалады.

22-бап. Парламент Палаталарының Республиканың лауазымды адамдарын қызметке тағайындау, қызметке сайлау және қызметтен босату жөнінде Республика Президентіне келісім беру тәртібі

1. Республика Президенті Премьер-Министрді қызметке тағайындауға Парламент Мәжілісінің келісімін, сондай-ақ Республиканың Конституциялық Соты Төрағасын, Ұлттық Банкі Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындауға Сенаттың келісімін алу үшін, Сенаттың Республика Жоғарғы Сотының Төрағасын, судьяларын және Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қызметке сайлауы және қызметтен босатуы үшін Парламент Палаталарына тиісті жазбаша ұсынулар енгізеді, солардың негізінде тиісті мәселені Парламенттің тиісті Палатасының таяудағы отырысының күн тәртібіне енгізу туралы шешім қабылданады.

2. Премьер-Министрді тағайындауға Парламент Мәжілісінің келісімі Палата отырысында беріледі.

2-1. Республика Президенті Республиканың Конституциялық Соты Төрағасын, Ұлттық Банкі Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас

Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауға Сенаттың келісімі алдын ала не кейінгі сипатта болады және Палата отырысында беріледі.

3. Сенаттың Жоғарғы Сот Төрағасын, судьяларын және Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қызметке сайлауы мен қызметтен босатуы үшін ұсынылған кандидатуралар мәселе Палатаның отырысында қаралғанға дейін Сенат Бюросының шешімімен белгіленген Сенаттың тиісті комитетінің отырысында талқылануға тиіс. Кандидатураларды қараудың нәтижелері негізінде комитет әрбір талқыланды кандидатқа бойынша Палата отырысында жария етілетін қорытынды шығарады.

4. Тиісті Палата отырысында қызметке тағайындауға келісім беру туралы, қызметке сайлау және қызметтен босату туралы мәселе қаралған кезде қызметке кандидатураларды Республика Президенті немесе ол уәкілеттік берген Республиканың лауазымды адамы таныстырады.

5. Тиісті Палатаның отырысында:

- 1) кандидатқа және кандидатты таныстырушы адамға сұрақтар қойылуы;
- 2) депутаттар ұсынылған кандидатты "жақтап" немесе "қарсы" пікірлер білдіруі мүмкін.

6. Егер депутаттар ұсынылған кандидатура бойынша жарыссөз ашуды талап етпесе, жарыссөз ашылмауы мүмкін.

7. Егер Парламенттің тиісті Палатасы Президент ұсынған кандидатуралар бойынша қызметке тағайындауға келісім беру туралы, қызметке сайлау туралы шешімдер қабылдамаған жағдайда, Президент тиісті Палатаға нақ осы адамдарға немесе жаңа кандидатураларға жазбаша ұсынулар енгізеді.

8. Егер Сенат Жоғарғы Сот Төрағасын, судьяларын және Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қызметтен босату туралы шешім қабылдамаған жағдайда, Президент Сенатқа осы мәселе бойынша қайта ұсыну енгізуге хақылы.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

22-1. Үкімет мүшелерін қызметке тағайындау үшін кандидатуралар бойынша Парламент Мәжілісімен консультациялар өткізу

1. Үкімет мүшелерін қызметке тағайындау үшін Республика Президентіне ұсынылатын кандидатуралар бойынша Парламент Мәжілісімен оның тиісті бейінді тұрақты комитеттерінде консультациялар өткізіледі.

2. Тиісті комитеттің отырысында консультациялар өткізу кезінде қызметке кандидатураларды Республиканың Премьер-Министрі немесе ол уәкілеттік берген лауазымды адам ұсынады.

3. Консультациялардың қорытындысы бойынша тиісті комитет талқыланатын әрбір кандидатура бойынша консультативтік (ұсынымдық) сипатта болатын қорытынды шығарады.

Ескерту. IV-тарау 22-1-баппен толықтырылды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

23-бап. Парламент Палаталарының ұсынылған кандидатуралар бойынша шешімдер қабылдауы

1. Парламент Мәжілісі мен Сенаты қызметке тағайындауға, қызметке сайлауға және қызметтен босатуға келісім беру туралы шешімдерді Парламенттің тиісті Палатасы депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды.

2. Егер тиісті Палата дауыс берудің өзгеше тәртібін белгілемесе, шешімдер әр кандидатура бойынша ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

3. Шешімдер тиісті Палатаның қаулыларымен әр кандидатура бойынша жеке ресімделеді.

4. Қызметке тағайындауға, қызметке сайлауға және қызметтен босатуға келісім беру үшін Президент ұсынған кандидатуралар қабылданбаған жағдайда тиісті Палатаның шешімінде қабылдамаудың толық дәлелдемесі болуға тиіс.

23-1-бап. Парламент Палаталарының Республика лауазымды адамдарын қызметке тағайындау тәртібі

1. Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз Конституциялық Соттың үш судьясын қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған адамдарды қызметке тағайындау Палатаның отырысында жүзеге асырылады. Палатаның қызметке тағайындауы үшін осы баптың 1-тармағында аталған адамдардың ұсынылған кандидатуралары мәселе Палатаның отырысында қаралғанға дейін Палата Бюросының шешімімен белгіленген Палатаның тиісті комитетінің отырысында талқылануға тиіс.

Кандидатураларды қараудың нәтижелері негізінде комитет әрбір талқыланған кандидатура бойынша Палата отырысында жария етілетін қорытынды шығарады.

3. Тиісті Палата отырысында қызметке тағайындау туралы мәселе қаралған кезде қызметке кандидатураларды тиісті Палатаның Төрағасы таныстырады.

4. Тиісті Палатаның отырысында:

1) кандидатқа және кандидатты таныстырушы адамға сұрақтар қойылуы;

2) депутаттар ұсынылған кандидатты "жақтап" немесе "қарсы" пікірлер білдіруі мүмкін.

5. Егер депутаттар ұсынылған кандидатура бойынша жарыссөз ашуды талап етпесе, жарыссөз ашылмауы мүмкін.

6. Егер Парламенттің тиісті Палатасы ұсынылған кандидатуралар бойынша қызметке тағайындау туралы шешімдер қабылдамаған жағдайда, Төраға тиісті Палатаға нақ осы адамдарға немесе жаңа кандидатураларға жазбаша ұсынулар енгізеді.

7. Парламент Мәжілісі мен Сенаты осы баптың 1-тармағында аталған адамдарды қызметке тағайындау туралы шешімдерді Парламенттің тиісті Палатасы депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды.

8. Егер тиісті Палата дауыс берудің өзгеше тәртібін белгілемесе, шешімдер әр кандидатура бойынша ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

9. Шешімдер тиісті Палатаның қаулыларымен әр кандидатура бойынша жеке ресімделеді.

10. Қызметке тағайындау үшін Палата Төрағасы ұсынған кандидатуралар қабылданбаған жағдайда тиісті Палатаның шешімінде қабылдаудың толық дәлелдемесі болуға тиіс.

Ескерту. 23-1-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

V тарау. Республика Парламенті депутаттарының мәртебесі

24-бап. Республика Парламентінің депутаты

1. Парламент депутатының өкілеттігі оны Республиканың Орталық сайлау комиссиясы Парламент депутаты ретінде тіркеген кезден басталады. Депутаттар Қазақстан халқына мынадай ант береді: "Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін". Ант қабылдауды Президент өзі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

2. Парламент депутатының басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, ақы төленетін өзге де жұмысты атқаруға, кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ. Осы ереженің бұзылуы Республика Орталық сайлау комиссиясының ұсынуымен депутаттың өкілеттігін тоқтатуға әкеп соғады.

3. Парламент депутатының өкілеттігі орнынан түскен, ол қайтыс болған, соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша депутат іс-әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған жағдайларда және Конституция мен осы Конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

4. Партиялық тізім бойынша сайланған Парламент Мәжілісі депутаты саяси партияның басшы органының шешімімен кері шақырылып алынған жағдайда, оның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

5. Парламент Сенатының тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Республика Президентінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Тиісінше облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Республика астанасының барлық мәслихаттары атынан өкілдік ететін депутаттар болып табылатын таңдаушылардың бірлескен отырысында сайланған Парламент Сенаты депутаттарының өкілеттігі осы таңдаушылардың шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

6. Парламент депутаты:

- 1) ол Қазақстаннан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 2) оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан кезде өз мандатынан айырылады.

7. Парламент Мәжілісінің депутаты өз мандатынан:

- 1) конституциялық заңға сәйкес өзі партиялық тізім негізінде сайланған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;
- 2) конституциялық заңға сәйкес өзі партиялық тізім негізінде сайланған саяси партия қызметін тоқтатқан;
- 3) бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты сайлаушылар конституциялық заңда айқындалған тәртіппен кері шақырып алған кезде айырылады.

8. Парламент депутатының өкілеттігі осы баптың 3 және 6-тармақтарында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған кезде Орталық сайлау комиссиясы Парламент депутатының өкілеттігін тоқтатуға әкеп соғатын негіздердің басталу фактісін көрсетіп қаулы қабылдайды және Парламенттің тиісті Палатасына Парламент депутатының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыну енгізу туралы шешім қабылдайды.

Орталық сайлау комиссиясының ұсынуы негізінде Парламент Палатасы тиісті Парламент депутатының өкілеттігін тоқтатады.

9. Парламент депутатының өкілеттігі осы баптың 4, 5 және 7-тармақтарында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған кезде Орталық сайлау комиссиясы

тиісті адамның Парламент депутатының өкілеттігін жоғалтқаны жөніндегі фактіні көрсетіп қаулы қабылдайды.

10. Парламент және Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттігі тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған жағдайларда тоқтатылады.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз) Конституциялық заңдарымен.

25-бап. Республика Парламенті депутатының өкілеттігі

1. Депутат Парламент сессиясында және өзі құрамына кіретін оның органдарының отырыстарында қаралатын барлық мәселелер бойынша шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

2. Парламент депутаты:

1) Парламент пен оның Палаталарының үйлестіруші және жұмыс органдарын сайлауға және оларға сайлануға;

2) сессияның күн тәртібі, талқыланатын мәселелерді қарау тәртібі мен олардың мәні жөнінде ұсыныстар мен ескертпелер енгізуге;

3) Парламент Палаталары сайлайтын немесе тағайындайтын не Парламент Палаталары тағайындауға келісім беретін лауазымды тұлғалардың кандидатуралары жөнінде өз пікірін айтуға;

4) Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарында қарау үшін ұсынылатын мәселелер бойынша Палаталар Бюросына ұсыныстар енгізуге, ал оның ұсыныстары қабылданбаған жағдайда оларды Палаталардың пленарлық отырыстарының қарауына енгізуге;

5) Парламент пен оның Палаталары органдарының отырыстарында қарау үшін мәселелер ұсынуға;

6) Парламент Палаталарына есепті лауазымды тұлғалардың есебін немесе хабарламасын Парламент сессиясында тыңдау туралы ұсыныстар енгізуге;

7) заңда белгіленген тәртіппен депутаттық сұрау салуға;

8) жарыссөздерге қатысуға, баяндамашыларға, сондай-ақ отырысқа төрағалық етушіге сауалдар беруге;

9) дауысқа салу себептері бойынша өзінің ұсыныстарын негіздеп сөйлеуге, анықтама беруге;

10) Парламент қабылдайтын заңдардың, қаулылардың, басқа да актілердің жобаларына түзетулер енгізуге;

11) Парламент депутаттарын азаматтардың қоғамдық маңызы бар үндеулерімен таныстыруға;

12) Парламент отырыстарының стенограммалары мен хаттамаларындағы депутаттардың сөйлеген сөздерінің мәтіндерімен танысуға;

13) осы Конституциялық заңға, Парламент пен оның Палаталарының регламенттеріне сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыруға хақылы.

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Конституциялық 1999.05.06. № 377, 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

26-бап. Депутаттың Парламент сессияларына, оның Палаталарының отырыстарына қатысуы

1. Депутат Парламенттің және өзі құрамына сайланған оның органдарының жұмысына қатысуға міндетті. Парламентте дауыс беруді депутаттың жеке өзі ғана жүзеге асырады.

2. Палатаның Төрағасы, не тиісінше депутат мүшесі болып табылатын органның басшысы регламентпен белгіленген мерзімде депутатқа сессиялардың, орган отырыстарының өткізілетін уақыты мен орны туралы, сондай-ақ олардың қарауына енгізілетін мәселелер туралы депутатқа хабарлайды, оған осы мәселелер бойынша қажетті материалдарды береді.

3. Депутат мәжіліске келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда бұл туралы Палатаның Төрағасына не тиісінше Парламент органының немесе оның Палатасының басшысына күнібұрын хабарлайды.

4. Депутаттың Палаталар мен олардың органдарының отырыстарына дәлелді себептерсіз үш реттен артық қатыспауы, сол сияқты дауыс беру құқығын басқаға беруі депутатқа осы Конституциялық заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға әкеп соғады.

5. Палаталар Бюроларының, олардың тұрақты комитеттерінің, Парламент комиссияларының және оның Палаталарының құрамына кіретін депутат кез келген мәселелер мен ұсыныстарды қарауға енгізуге, мәселелерді қарауға әзірлеуге, олар бойынша шешімдерді талқылап, қабылдауға, сондай-ақ қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуын ұйымдастыруға, олардың орындалуын бақылауға қатысуға хақылы.

6. Өзі құрамына кіретін Парламент органының шешімімен келіспеген депутат Парламент сессиясында өз көзқарасын баяндауға немесе ол туралы төрағалық етушіге жазбаша түрде хабарлауға хақылы.

7. Палаталар Бюроларының, олардың тиісті тұрақты комитеттерінің, Парламент комиссияларының және оның Палаталарының құрамына кірмейтін депутат аталған органдардың отырыстарына қатысып, ұсыныстар енгізе алады, қаралатын мәселелерді талқылауға және кеңесші дауыс құқығымен шешімдерді қабылдауға қатыса алады. Депутат Палаталар Бюроларының, тұрақты комитетінің немесе комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда өз

ұсыныстарын заң жобасына, қаулы жобасына түзетулер ретінде енгізе алады. Депутат енгізген түзетулер Парламент сессиясында қаралады әрі оларды дауысқа салу өткізіледі.

Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Конституциялық 1999.05.06. № 377 Заңымен.

27-бап. Депутаттық сауалдар мен сұрақтар

Ескерту. 27-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 232-V Конституциялық заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Депутаттық сауалдар Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарында депутаттың мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына осы органның немесе лауазымды тұлғаның құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде Парламент сессиясында негізделген түсініктеме беруін немесе өз көзқарасын баяндауын ресми сұраған талабы болып табылады.

2. Парламент депутатының Премьер-Министр мен Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банк Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорға, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына, Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы мен мүшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне сауал жолдауға құқығы бар. Бұл ретте, Бас Прокурорға не құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жолданған сауал қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асырумен байланысты мәселелерге қатысты бола алмайды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына жолданған сауалдарды қарау Парламенттің немесе оның Палаталарының жабық отырыстарында жүргізіледі.

3. Сауал жазбаша түрде енгізілуі мүмкін және Парламент сессиясында жария етілуге тиіс.

4. Өздеріне сауал жолданған лауазымды тұлғалар Парламент сессиясында ол жөнінде ауызша немесе жазбаша жауап қайтаруға міндетті. Сауалға жазбаша жауап әрі кеткенде бір ай мерзімде табыс етіліп, сессияда жария етіледі. Сауалға қайтарылған жауап бойынша жарыссөз өткізілуі мүмкін. Депутат сауалға қайтарылған жауапқа өз пікірін білдіруге хақылы.

5. Қажет болған кезде сауалға берілген жауап пен оны талқылау нәтижелері бойынша Парламенттің немесе оның тиісті Палатасының қаулысы қабылданады. Сауал мен оған берілген жауап бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы мүмкін.

6. Депутаттар Палаталардың бірлескен және бөлек отырысында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкіметі мүшелеріне, Ұлттық Банкі Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорына, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Жоғары аудиторлық

палатаның Төрағасы мен мүшелеріне ауызша сұрақтар қоюға хақылы. Сұраққа жауап осы отырыста, ал жауап беру үшін қосымша даярлық қажет болған ретте үш күн мерзім ішінде қайтарылады.

Ескерту. 27-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 232-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

28-бап. Депутаттың лауазымды тұлғалармен кідіріссіз қабылдану құқығы

1. Депутаттық қызмет мәселелері бойынша депутат мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекеттік ұйымдарға бөгетсіз кіру құқығын, сондай-ақ олардың басшыларымен және басқа да лауазымды тұлғаларымен кідіріссіз қабылдану құқығын пайдаланады.

2. Қызметі мемлекеттік құпияларға байланысты ұйымдарға депутаттың кіріп-шығу тәртібі заңмен белгіленеді.

29-бап. Депутаттардың қызметін ақпараттық қамтамасыз ету

1. Республика Парламенті Палаталарының аппараттары депутатты Парламент қабылдаған құжаттармен, сондай-ақ Парламент пен оның органдарының, басқа да мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің ресми таратылатын ақпараттық және анықтамалық материалдарымен қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар, олардың лауазымды тұлғалары депутатқа оның депутаттық қызметінде туындаған мәселелер жөнінде консультациялық көмек көрсетеді.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

30-бап. Депутаттардың қызметін материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету

1. Парламент депутаттарына жалақы Республика Конституциясының 66-бабының 9-1) тармақшасында көзделген тәртіппен белгіленеді.

2. Республика астанасынан тыс жерде тұратын депутаттарға олардың өкілеттігі мерзіміне тегін пайдалану шартымен мемлекеттік тұрғын-үй қорынан және заңдарда белгіленген нормалар бойынша тұрмысқа жайлы және жиһазбен жабдықталған тұрғын үй беріледі.

3. Парламент депутатының өз сайлаушыларымен өзара қарым-қатынас жасауы, оларды Парламент қызметі туралы ұдайы хабардар етіп отыруы, Парламенттің, оның Палаталары мен органдарының тапсырмаларын орындауы үшін әрбір депутатқа:

1) көлікпен жол жүру құжаттарын кезектен тыс алу;

2) сайлау округтеріне іссапарларға шығып тұру құқығы беріледі. Бұл ретте іссапар шығыстары Республика Конституциясының 66-бабының 9-1) тармақшасында көзделген тәртіппен бөлінетін қаражаттан өтеледі.

4. Парламенттің, оның Палаталары мен олардың органдарының тапсырмаларын орындау үшін депутат іссапарларға жіберілген жағдайда оған заңдарда белгіленген нормалар бойынша іссапар шығыстары төленеді.

5. Депутаттарға Қазақстан Республикасының астанасы шегінде автомобиль көлігімен қызмет көрсету, оларға емдеу-сауықтыру және санаторийлік-курорттық қызмет көрсету Республика Президенті белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

5-1. Парламенттің депутатына оның өкілеттік мерзімі аяқталған соң, сондай-ақ ол отставкаға кеткен немесе Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған жағдайда және ол жұмысқа орналасқан немесе зейнеткерлік жасқа жеткен кезге дейін ай сайын орташа айлық жалақысы мөлшерінде, бірақ өкілеттігі тоқтатылған немесе отставкаға кету туралы өтініш қанағаттандырылған күннен бастап үш айдан аспайтын уақыт жәрдемақы төленеді.

Ескерту. 30-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1997.04.11. № 91-І, 1999.03.12. № 348-І, 1999.05.06. № 377, 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

31-бап. Депутаттың өкілеттігін жүзеге асыруының кепілдіктері

1. Депутаттық қызметін атқаруына бөгет жасау мақсатымен депутатқа немесе оның жақын туыстарына қандай түрде болмасын ықпал жасау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

2. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың депутат алдындағы өз міндеттерін орындамаған, оған көрінеу жалған ақпарат берген, депутаттық қызметтің кепілдіктерін бұзған лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылуға тиіс.

32-бап. Депутатқа ешкімнің тиіспеуі

1. Қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайлардан басқа кезде, Парламент депутатын өз өкілеттіктері мерзімі ішінде тиісті Палатаның келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

2. Депутатты қылмыстық жауаптылыққа тартуға, ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге немесе сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға келісім алу үшін Бас Прокурор Сенатқа

не Мәжіліске ұсыну енгізеді, мұны Палаталар тиісті Палатаның отырысында қарауға әзірлеу үшін Орталық сайлау комиссиясына жібереді. Ұсыну күдіктінің іс-әрекеттерін саралау туралы қаулымен депутатты таныстырудың алдында, ұстап алудың, оны күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға санкция беру туралы өтінішхатпен сотқа жүгінудің, күштеп әкелудің, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі сотқа жіберудің алдында енгізіледі.

Бас Прокурордың ұсынуы және Орталық сайлау комиссиясының қорытындысы олар келіп түскен күннен бастап екі апта мерзімнен кешіктірілмей қаралады және Палата тиісті лауазымды адамдардан қосымша ақпарат беруді талап етуге құқылы. Палата уәжді шешім қабылдайды және оны Республиканың Бас Прокурорына және анықтау мен алдын ала тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органының басшысына үш жұмыс күні ішінде жібереді. Депутат өзіне ешкімнің тиіспеуі туралы мәселені Палата қараған кезде қатысуға құқылы.

3. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына себеп сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімімен ғана жалғастырылуы мүмкін. Парламент депутаты қылмыс үстінде ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімін алғанға дейін, бірақ бір тәулік ішінде оны міндетті түрде хабардар ете отырып, жалғастырылуы мүмкін. Істі тергеп-тексеру барысында заңдылықтың сақталуын қадағалауды Бас Прокурор жүзеге асырады.

4. Орталық сайлау комиссиясы іс бойынша шешім қабылдаған тиісті соттан Парламент депутатын айыптау бойынша істі қарау нәтижелері туралы ақпаратты сұратып алады және оған қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда, тиісті Палатаға депутаттық мандаттан айыру туралы ұсыну енгізеді.

Ескерту. 32-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2014 № 232-V Конституциялық заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

33-бап. Депутатқа қолданылуы мүмкін жазалау шаралары

1. Депутат Палаталар мен оның органдарының отырыстарына дәлелді себептерсіз үш реттен артық қатыспаған жағдайда оған қатыспаған күндері үшін жалақы төлеуден бас тартылады. Депутат Палаталар мен оның органдарының отырыстарына дәлелді себептерсіз бір айдан артық қатыспаған жағдайда ол осы Конституциялық заңның 30-бабының 1, 3, 4, 5-тармақтарымен өзіне берілген барлық материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету жағдайларынан айырылады. Бұл жөніндегі шешімді депутат Палата отырысына

немесе Палаталардың бірлескен отырысына қатыспаған жағдайда тиісті Палатаның Төрағасы, ал Палата органдарының отырыстарына қатыспаған жағдайда тиісті Палатаның Бюросы қабылдайды.

2. Депутат өзінің даусын басқа біреуге берген жағдайда Палата Бюросының шешімімен оған дауысты басқа біреуге беруге жол берілген күн үшін жалақы төлеуден, ал дауыс басқа біреуге қайталап берілген жағдайда айлық жалақысын төлеуден бас тартылады.

3. Парламент пен оның Палаталарының регламенттерімен белгіленген депутаттық әдеп ережелерін бұзған жағдайда тиісті Палата Төрағасының шешімімен депутатқа мынадай жазалау шаралары қолданылуы мүмкін:

- 1) парламенттік мінеу;
- 2) көпшілік алдында кешірім сұрауға мәжбүр ету;
- 3) Палаталардың бірлескен немесе бөлек бір отырысының бойында сөз бермеу;
- 4) Палаталардың бірлескен немесе бөлек үш отырысының бойында сөз бермеу;
- 5) Палаталардың бірлескен немесе бөлек бір отырысының уақытына отырыс залынан шығарып жіберу;
- 6) Палаталардың бірлескен немесе бөлек үш отырысы уақытына отырыс залынан шығарып жіберу;
- 7) бір күндік еңбекақысынан айыру.

4. Депутатқа аталған шараларды қолдануға байланысты мәселелерді әзірлеуді Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады. Депутаттардың Палаталар мен олардың органдарының отырыстарына келуін, сондай-ақ депутаттың өз даусын басқа біреуге беруіне жол берілмеуін бақылауды Орталық сайлау комиссиясының мүшелері жүзеге асырады.

5. Мәжіліс депутаттарына осы бапта көзделген жазалау шараларын қолдану туралы мәселеге Мәжілісте өкілдік ететін, құрамына депутаттар кіретін саяси партиялардың фракциялары бастамашы болуы мүмкін.

Ескерту. 33-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Конституциялық 1999.05.06. № 377, 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

34-бап. Республика Парламентіндегі депутаттық бірлестіктер

1. Парламент депутаттары саяси партиялардың фракциялары мен депутаттық топтар түрінде депутаттық бірлестіктер құруға құқылы.

2. Саяси партияның фракциясы - заңда белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиядан өкілдік ететін депутаттардың ұйымдасқан тобы, ол тиісті саяси партияның мүдделерін білдіру мақсатында Парламент Мәжілісінде құрылады. Саяси партия фракциясындағы ең аз адам саны Парламент Мәжілісінің

Регламентімен айқындалады. Саяси партия фракциясының құрамына Парламент Мәжілісінің депутаттары кіре алады. Депутаттың бір ғана саяси партия фракциясының құрамында болуға құқығы бар.

2-1. Саяси партиялар фракцияларының басшыларына, ал олар болмаған жағдайда не олардың уәкілеттік беруі бойынша саяси партиялар фракцияларының өкілдеріне Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарында, Парламент Мәжілісінің жалпы отырыстарында, тұрақты комитеттердің, жұмыс топтарының отырыстарында, парламенттік тыңдау мен өзге де іс-шараларда сөз сөйлеу құқығына кепілдік беріледі.

3. Депутаттық топ - депутаттардың өз өкілеттіктерін бірлесіп жүзеге асыруға арналған бірлестігі. Депутаттық топтың құрамында Парламенттің кемінде он бес депутаты болуға тиіс.

4. Саяси партиялардың фракцияларын тіркеу - Парламент Мәжілісінің Бюросында, депутаттық топтарды тіркеу Парламент Палаталарының Бюроларында жүзеге асырылады. Саяси партиялардың фракциялары мен депутаттық топтарды тіркеу келіп тіркелу тәртібімен жүргізіледі.

5. Парламент Мәжілісіндегі саяси партиялардың фракциялары мен Парламенттегі депутаттық топтардың өкілеттігі, ұйымдастырылуы мен қызметі, олардың жұмысын қамтамасыз ету Парламент пен оның палаталарының регламенттерінде айқындалады.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда – ҚР Конституциялық 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 02.06.2020 № 339-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

34-1-бап. Парламенттік көпшілік және парламенттік оппозиция

1. Парламенттік көпшілік – Парламент Мәжілісінде депутаттық мандаттардың ең көп санын алған саяси партия.

2. Парламенттік оппозиция – Парламент Мәжілісінде өкілдік ететін және парламенттік көпшілікке кірмейтін, әдетте, әлеуметтік-экономикалық және (немесе) қоғамдық-саяси мәселелер бойынша парламенттік көпшілікке қарағанда өзге позиция ұстанатын саяси партия немесе саяси партиялар.

Парламенттік оппозиция жекелеген мәселелер бойынша парламенттік көпшілік партиясын қолдауы мүмкін.

3. Парламенттік оппозиция осы Конституциялық заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес парламенттік тыңдау өткізуге бастама жасауға, сондай-ақ Парламент Мәжілісінің Регламентінде көзделген тәртіппен бір сессия ішінде кемінде екі рет үкімет сағатының күн тәртібін айқындауға құқылы.

Ескерту. V-тарау 34-1-баппен толықтырылды - ҚР 02.06.2020 № 339-VI Конституциялық заңымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

35-бап. Депутаттық куәлік және депутаттың омырауға тағатын белгісі

1. Депутаттың депутаттық куәлігі және депутаттың омырауға тағатын белгісі болады, бұларды оған сайланған депутат ретінде тіркелгеннен кейін Республиканың Орталық сайлау комиссиясы береді. Депутат депутаттық куәлік пен омырауға тағатын белгіні өз өкілеттік мерзімі ішінде пайдаланады.

2. Республика Парламенті депутатының куәлігі мен омырауға тағатын белгісі, олардың үлгілері мен сипаттамасы туралы ережелерді Республиканың Орталық сайлау комиссиясы бекітеді.

VI тарау.

Қорытынды ережелер

36-бап. Республика Парламентінің және Парламент Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату

1. Республика Президенті Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

2. Парламентті және Парламент Мәжілісін төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ осының алдындағы таратудан кейінгі бір жыл ішінде таратуға болмайды.

Республика Президентінің Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарату туралы актісі қолданысқа енгізілген күн көрсетілген бір жылдық мерзімнің басталу кезі болып табылады. Бұл мерзім келесі жылдың тиісті айында және күн санында аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тура келетін болса, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде аяқталады.

3. Мәжіліс таратылған жағдайда Парламенттің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі қызметін уақытша, Мәжілістің жаңа құрамы сайланғанға дейін Сенат атқарады.

Мұндай жағдайда Сенаттың конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау тәртібі Сенат Регламентінде айқындалады.

Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Конституциялық заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 03.10.2013 № 133-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

37-бап. Республика Парламентінің жұмыс тілдері

Парламент жұмысында тілдерді пайдалану Республика Конституциясына және Республикадағы тіл туралы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

38-бап. Республика Парламентінің қызметін қаржыландыру

Республика Парламентінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

39-бап. Республика Парламенті Палаталарының Аппараттары

1. Парламент қызметін ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық-талдамалық және өзгедей қамтамасыз етуді Сенат пен Мәжілістің бөлек аппараттары жүзеге асырады.

2. Сенат пен Мәжіліс аппараттарының құрылымы мен штат санын белгілеуді, оларды жасақтауды Парламент қызметін қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражаты шегінде Палаталардың Бюролары жүзеге асырады.

3. Сенат пен Мәжіліс аппараттарының қызметі Республиканың мемлекеттік қызмет туралы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Парламенттің немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттік мерзімдерінің аяқталуына байланысты, Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған және оның депутаттары жаңа құрамының сайлануы жағдайында Сенат пен Мәжілістің аппараттарындағы мемлекеттік қызметшілердің жұмысы тоқтатылмайды.

5. Сенат пен Мәжіліс аппараттарының қызметкерлері мәртебесі, жалақы мөлшері мен деңгейі, материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етудің өзге де жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының тиісті қызметкерлеріне теңестіріледі.

Ескерту. 39-бап жаңа редакцияда – ҚР 2007.06.19. № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 222-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

40-бап. Осы Конституциялық заңды күшіне енгізу тәртібі

Осы Конституциялық заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 40-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР Конституциялық 1999.05.06. № 377 Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*